

Бір реттік талондардың құнын бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 22-7-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бородулиха ауданындағы Әділет басқармасында 2010 жылғы 18 қаңтарда N 5-8-101 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2012 жылғы 13 шілдедегі N 6-3-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2012.07.13 N 6-3-V (ресми жариялаған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV «Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы» Заңының 36 бабына сәйкес Бородулиха аудандық мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. Қызметтері эпизоттық түрдегі (стационарлық үй-жайларда жүзеге асырылатын қызметтерді есептемегенде) жеке тұлғалар үшін бір реттік талондардың құны 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін (қосымша беріледі).

2. Тауарларды сату, жұмыстарды орындау, базарларда қызмет көрсету (базар аумағындағы дүңгіршектерде, стационарлық үй-жайларда (оқшауланған блоктарда) сатуды есептемегенде) бойынша қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін бір реттік талондар құны 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін (қосымша беріледі).

3. 2002 жылғы 11 қаңтардағы № 16-2 «Бір реттік талондардың құнын белгілеу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2002 жылғы 31 қаңтардағы № 668 санымен тіркелген) шешімін, 2006 жылғы 14 ақпандағы № 19-10 «Бір жолғы талондардың құнын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2006 жылғы 20 ақпандағы № 5-8-17 санымен тіркелген, аудандық «Пульс района» газетінің 2006 жылғы 10 наурыздағы № 11 (6112) санында жарияланған) шешімін күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

4. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен
с о ң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Сессия төрағасы

С. БЫКОВ

Аудандық мәслихат хатшысы

Б. Аргумбаев

2009 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 22-7-IV шешіміне 1 қосымша

Қызметтері эпизоттық түрдегі (стационарлық үй-жайларда жүзеге асырылатын қызметтерді есептемегенде) жеке тұлғалар үшін бір реттік талондардың құны

Қызмет түрі	Бір реттік талондар құны (теңгемен)
Газеттер мен журналдар сату	33
Тұқымдар, сондай-ақ екпе материалдарын (көшеттер, шыбықтар) сату	33
Ақша дақылдарын сату	33
Саяжайларда және үй маңындағы телімдерде өсірілген тірі гүлдерді сату	33
Қосалқы ауыл шаруашылық, бау, бақша және саяжай телімдері өнімдерін сату	33
Жануарлар мен құстар үшін азықтар, гүл шоқтарын, сыпыртқылар, орман жидектерін, бал, саңырауқұлақ пен балық сату	33
Жер телімдерін өңдеу бойынша жеке тракторлар иелерінің қызметтері	33
Үй жануарларын (әр басына) және құстарды (әр он басына) жаю	0,16

2009 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 22-7-IV шешіміне 2 қосымша

Тауарларды сату, жұмыстарды орындау, базарларда қызмет көрсету (базар аумағындағы дүңгіршектерде, стационарлық үй-жайларда (оқшауланған блоктарда) сатуды есептемегенде) бойынша қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін бір реттік талондар құны

Тауар түрі	Сауда алаңы	Бір реттік талондар құны (теңгемен)

Азық-түліктік	Бір сауда орны	150
Өнеркәсіптік	Бір сауда орны	140

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК